

# АҚЖОЛТАЙ АҒЫБАЙ

## БАТЫР КҮМБЕЗІ

*Қазақтың маңдай алды мақтаулы ері Ақжолтай Ағыбай батыр Қаракөсек өліндегі Шұбыртпалы руынан тараған. Үлкен атасы Олжабай батыр, өз әкесі Қоңырбай да өлінің азаттығы мен тәуелсіздігі жолында жан аямай күрескен халық батырлары. Ағыбай өлінің елдігі мен еркіндігі үшін атқа жас кезінен бастап мінген. Ағыбайдың батырлығын, тар жерде жол табатын тапқырлығын, сапарда, жорықтарда жолы болғыштығын, тындырымдылығын жоғары бағалап хан Кененің өзі «Ақжолтай» деп атап кеткен.*

Бірде орыс әскерлерімен қырғын соғыста, бірінші жауға «Абылайлап» кірген төрелер, екінші топ жаумен «Бөгенбайлап», «Қарқабаттап», ұрысқа кірген қазақ әскері шегініп оралған екен. Осы кезде жаудың ортасында жүрген Ағыбай батыр «А, Құдайлап», соңындағы әскері «Ағыбайлап» жауды екі бөліп қуып жеңген екен. Ұрыс біткен соң Кенесары хан: «Осыдан кейін алаш әскері жауға екі ұранмен, бірінші қатары «Абылайлап, екінші легі Ағыбайлап шабатын болсын» - деп бұйрық берген екен дейді. Мұның өзі Ағыбай батырдың аты, өзі көзі тірісінде қазақ әскеріне ұран болғанын көрсетеді.

Ағыбай батыр 1885 жылы Балқаш көлінде Тасарал қамалында қайтыс болады.

сиремейді, - дейді шырақшы Қанат.


Киікті ауылынан 50 шақырымнан астам жерде жалғыз үй отырса да Қанат өзін батыр бабасына қызмет етіп жүргенін мақтаныш тұтады. Зират басына келгендерге міндетті түрде ғұсыл дәретінің болуы керектігін, басқа да мұсылмандық міндетін түсіндіріп өз міндетін қалтқысыз атқаруда. Өзі де күніне бес уақыт намазын оқып, ораза уақытында ауыз бекітуді өзіне парыз санайды.

Бұл жолы облысымызға танымал азамат «Жас алаш» газетінің меншікті тілшісі Айтбай Сәулебектегі арнайы ат басын бұрып құрбандыққа қой шалып, баба басына келіп түнеді. Батыр баба әулетінің ұрпақтары Адамқұлұлы Зейноулла мен баласы Бағланбек, немере ағайыны Сапар келіп



*Тулаған талай жауы тақымында,  
Ерекше жаратылған батыр тұлға.  
Алыстан мен мұңдалап шақырғандай,  
Мазары Ағыбайдың жатыр қырда.*

ның қалыңдығы 1,5 метр. Күмбездің қалыңдығы 75 см болған. Бұл зират құрылысының аса берік қаланғанын көрсетеді. Ал ескі зираттардың ешкінің майы мен қыл қосып сыланып ерекше қоспа ретінде



Мәселен қабырғаға, күмбеге, құлақтары жекеше үлгідегі кірпіштермен қаланыпты. Осының бәрін өзен бойында арнайы қоспамен құйған екен. Төрт қабырғаға салмақты тең бөлетіндей етіп, шеңберлеп келтіріп, арматура салып жасаған. Төбесін күмбездеп отырып өріп шыққан.

Мамандардың есебі бойынша тек күмбездің салмағы ғана 35-36 тонна болады екен. Ал, жалпы зираттың салмағы 350-тоннаға жетеді. Сырт кезге өте сәнді. Жылтырата сыланған.

жазушымыз, белгілі өлкетанушы Кәмел Жүністегибас болып ашқаны белгілі. Қазір «Алтын сандық» аталған темір жәшікте естеліктер сақтаулы тұр.

Біз батыр басына барып зиярат етіп қонған түні зиярат үйінің жанындағы төбенің артында құрылыс жұмысы қызу жүріп жатты. Жігіттер түнде моторды қосып, соның жарығымен жұмыстарын жалғастырып жатты. Таң ата құрылысшы жігіттермен де таныстық. Тілеухана үйінің

Оның денесін халық бір жыл сүрелеп, ас берген еді. Түркістан жағына Қожа Ахмет Иассауи кесенесіне қоюға орысотаршылары қарсы болады. Сондықтан Ағыбай батырдың денесін Сарыарқа мен Бетпақдаланың шектескен жерінде, Тайатқан шұнақта жерлейді. Тіршілігінде ісі аңызға, аты ұранға айналған батырдың бүгінде дамылдап жатқан мазары қасиетті орынға айналып, тірілер үшін киелі, әулие мекендердің бірі саналады.

Туғанына биыл 204 жыл болған батыр бабаның басына тұрғызылған мазары жылдар жүзімен мүжіліп, сырбере бастағаны анықтын. Тарихи мұра ескерткіштерді сақтау жөніндегі «Мәдени мұра» бағдарламасы негізінде өткен жылдан бастап жөндеп, қалпына келтіру жұмыстары жүзеге асырыла бастады. Осы мақсатқа облыстық бюджеттен 15 млн. теңге қаражат бөлініп, бұл жұмыспен «Күмбез» фирмасы шұғылдана бастады. Өткен жылы 8 млн. теңгенің жұмысы игеріліп, биыл қалған жұмыстары жүзеге асырылды. Бұл сөз жоқ зиялы қауымның ұйытқы болып, көпшілік қолдауымен жүзеге асырылған игілікті іс екені аян. Батыр басына 1990 жылдары салынып, тәу етіп өлгенадамдар түсетін қонақ үйі салынған болатын. Кейіннен 2004 жылы Төлеутай Оспанбеков деген азамат екі бөлмелі үйі салып, тәу етіп келушілерге біршама мүмкіндік жасап, азаматтық танытты. Баба басына келушілер легі жыл сайын көбейе түскен. Міне үшінші жыл Қанат Асылтегі осында шырақшы болып, батыр бабаға қызмет көрсетуде.

- Мен өзім әулие бабамыздың ұрпағы боламын. Сондықтан оған қызмет көрсетуді өзіме парыз санаймын. Жолдасым Шолпан екеуіміз осындамыз. Қыста ғана келушілер легі саябырлайды. Басқа мерзімде зиярат етушілер қатары.

немере ағайыны Сапар келіп қасиетті жұма күнінде бабаларының басына зиярат етіп қайтты.

- Биыл жөндеу жұмысы жүргізілмегенде күмбезі ұзаққа шыдамағандай да



сәнді. Жылтырата сыланған. Іші көрікті етіп әктелген. Жоғары жақ бетінде төрт жағынан аса қымбат ағаштан саңлауша қалдырылған. Бұл бір жағынан сәуле түсіп тұрса, ең бастысы ауа айналымы

екен. Өйткені күмбездің бір жағы қалыңдығы 15 см шама-сында болса, бергі беті сіріңкенің қабығындай ғана қалыңдықта. Сондықтан дер кезінде қолға алынған екен.

«Күмбез» фирмасының мамандары жөндеу жүргізер алдында зерттеу жұмыстарын жүргізіп қаншама фотосуретке түсіріп, өлшеп, пішкен. «Жеті мәрте өлшеп, бір рет кес» демекші тиянақты өлшеген. Өйтпегенде ше, республика бойынша мәдени ескерткіштерді қалпына келтіретін бірден-бір фирма болса, онда да батыр әулетінің ұрпақтарын жөндеу жұмыстарымен таныстыруды да ұмыт қалдырмаған.

Сыртқы жарылған жерін күмбезімен қоса алып кірпіштердің орналасу ретін толық өлшеп, пішкен. Мазардың жер табанының тереңдігі 2 метрге кеткен. Ал, қабырғасы-

іі қандырылған балшық арқылы құйылған кірпіштен қаланытыны халық аузында ертеден айтылатыны белгілі. Уақыт тезіне шыдас беріп, бүгінгі ұрпаққа жеткені де сондықтан болар, сірә.

Мазардың маңдайшасы тұсында кірпіштердің ортасын қуыстап ерекше, жіңішкелеп қалыңдығы 4 см-дей 15 кірпіш шыққан. Онда киіктің тұяғының ізі, баланың қолының таңбасы, арабша жазулар болған. Ең кереметі сол осы мазардың толық есебі берілген. Фирманың жігіттері алдында ғана есептеп жүрген сандардың толық көрсетілуі. Таңданыста шек болмапты. Кейін күмбез қайта тұрғызылғанда, сол кірпіштер сол қалпында қайыра қаланған. Демек құрылысы өз ісінің білікті шеберлері салғанына еш күмән жоқ.

Қайта қалау үшін бес түрлі формада кірпіш құйылған.

жүріп тұрады. Демек іші дымқылданбайды. Ал, күмбездің ұшар басына мықты жасанды материалдан өрнек тәрізді жасалған айшық кірпішпен қоса қаланып қойылған. Сырт қараған жанға темір сияқты. Мазардың маңайы тастармен тегістеліп төселген. Белгілі ақын Жеңіс Қашқыновтың тарихи «Ақжолтай Ағыбай батыр» атты очеркінде мынадай қызық деректер келтірілген: «Алашорда партиясының көсемі Әлихан Бөкейханов: «өтіп бара жатқан, әдейі келген жолаушылардың ойлары мен тілектері жазылып қалсын» деп кезінде Ағыбай күмбезінің ішінде альбом ашыпты. Сол альбом да, кейін Қаныш Сәтбаев пен Өлкей Марғұлан ашқан екінші альбом да жоғалып кеткен. Бұл енді империяның тіміскі әрекеті екені анық. Сексенінші жылдары еске алу альбомын жерлес

таныстық. Тілеухана үйінің құрылысын жүргізуші Босаға ауылының жігіттері болып шықты. Тазалық сақталуы үшін әрірек етіп салынып жатқан беті екен. Құрылыс сырты ақ кірпішпен қалануда. Біткенде көз тартатын үй болатыны даусыз. Құрылысшылар бригадирі Болат бұрын Босаға мешітін тұрғызған, үй салуда тәжірибе жинақтаған маман екен. Қарашаның 10-на дейін үйді бітіретіндіктерін, сол үшін уақытпен санаспайтындығын жеткізді.

Елі үшін күрескен атақ даңқы үш жүзге мәлім, баһадүр Ағыбай бүгінде ұрпағына ұран болып қалған. «Өсетін ауылдың баласы бірін-бірі батыр» дейді дегендей, батырлық туралы үлгіні батырлар өмірі арқылы ғана көрсете аламыз. Иә, Ақжолтай Ағыбай батыр өмірінің үлгісі - қазақтың батырлық тәрбие салтының жолы, тәуелсіздік үшін күресу тәрбиесі. Батыр бейнесін бүгінгі тәуелсіз - қазақ елінің батыр ұлдарын тәрбиелеу үлгісі деп тануға болады. Ақылдылық, ар, намыс, ерлік ұғымдары бойында табиғи үйлесім тапқан Ағыбай батыр қазақ ұлдарын тәрбиелеу үшін пайдаланатын тәжірибе мектебі.

Тағы бір жағымды жаңалық - Ақжолтай Ағыбай батырдың салт атқа қонған бейнесінің облысымыздың басты қаласына қондырылады деген хабар. Әрине облыс орталығында болса, сәнді болар еді. Тіпті көше аты берілсе нұр үстіне нұр болар еді-ау. Ал батыр бабамыз ондай құрметке әлдеқашан лайық.

Баяғы сарынындай қанды жорық, Қаратал күркірейді жарды соғып.

Батырдың зәулім биік мұнарасы, Тұрғандай торуылдап, жауды шолып.

**Болат АҚПАНБАЙҰЛЫ**